

2021-2023 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 71-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 6870 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімінің 15-тармағымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9, 75-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2021-2023 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов ауданының бюджеті осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 11 200 469,2 мың теңге;
салықтық түсімдер – 1 397 631,7 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 45 197,2 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 34 754,6 мың теңге;
трансферттер түсімі – 9 722 885,7 мың теңге;
- 2) шығындар – 12 210 533,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 98 562 мың теңге:
бюджеттік кредиттер – 152 756 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 54 193,5 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:
қаржы активтерін сатып алу – 0;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 108 627,2 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 108 627,2 мың теңге:
қарыздар түсімі – 889 939,7 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 54 193,5 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 272 881 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 18.06.2021 № 6-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.08.2021 № 7-11 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) 05.10.2021 № 9

-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 12-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2021 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне сәйкес мынадай салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) облыстық мәслихатпен белгіленген кірістерді бөлу нормативтеріне сәйкес әлеуметтік салыққа;

2) ауылдың, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салыққа;

3) бірыңғай жер салығына;

4) мыналарға:

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздерге;

5) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыға;

6) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымға;

7) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымға;

8) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымға;

9) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік бажға.

3. 2021 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері мынадай салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) мемлекеттік меншіктен түсетін кірістерге:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кіріс бөлігінің түсімдеріне;

ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерге;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақыларға;

2) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдерге;

3) ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдарға;

4) аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдерге.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақшаға;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерге.

5. Аудандық бюджеттің түсімдері республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

6. Облыстық бюджеттен аудан бюджетіне табысталатын бюджеттік субвенция көлемі 4 335 159 мың теңге сомасында қарастырылғаны ескерілсін.

6-1. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен субвенция есебінен көлік және коммуникацияға, оның ішінде:

1) аудандық маңызы бар КТМС-261 "Қазақстанның 15 жылдығы ауылына кіреберіс автомобиль жолын ағымдағы жөндеу, километр 0-8.

Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 24.11.2021 № 12-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлемге;

2) мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

3) еңбек нарығын дамытуға;

4) халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік ұйымдарда арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша төлемдер белгілеуге;

5) мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінің басшылығы мен негізгі құрамы үшін мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін қызметтік жалақыға қосымша төлемдер белгілеуге;

6) жұмыс күші артық өңірлерден қоныс аударушылар үшін тұрғын үй сатып алуға.

7-1. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) Новоишим ауылында кәріз желілері мен тазарту құрылыстарын салу;

2) Новоишим ауылында орталық қазандық салу;

3) мемлекеттік ұйымдар: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысын арттыру;

4) Рузаев ауылдық округінде сыртқы сумен жабдықтау желілерін салу;

5) Рузаев ауылдық округінде электрмен жабдықтаудың сыртқы желілерін салу;

6) Тоқсан би ауылында сумен жабдықтау жүйесін салу;

7) Новоишим ауылы Локомотивная көшесі бойынша сыртқы инженерлік желілері және аумағын абаттандыруы бар елу пәтерлі тұрғын үй салу;

8) "Новоселовка-Шұқыркөл" аудандық маңызы бар автомобиль жолының учаскесін орташа жөндеу;

9) "Шұқыркөл-Беспаловка" аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу;

10) "Андреевка-Раисовка" аудандық маңызы бар автомобиль жолының учаскесін орташа жөндеу;

11) "Рузаевка-Чернозубовка" аудандық маңызы бар автомобиль жолының учаскесін орташа жөндеу;

12) "Тахтаброд-Ковыльное-Сокологоровка" автомобиль жолының учаскесін орташа жөндеу;

13) "15 жылдық Қазақстанның кіреберіс" автожолын орташа жөндеу;

14) "Березка шипажайына кіреберіс" автожолын орташа жөндеу;

15) "Урожайный ауылына кіреберіс" орташа жөндеу;

16) Бірлік ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

17) Новоселовка ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

18) Рузаевка ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

19) Тахтаброд ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

20) Чистопол ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

21) Тоқсан би ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

22) Шөптікөл ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу.

Ескерту. Шешім 7-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.08.2021 № 7-11 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) Новоселовка ауылындағы су құбырын ағымдағы жөндеуге;

2) Ялты ауылындағы су құбырын ағымдағы жөндеуге;

3) Дружба ауылында шағын футбол алаңын жайластыруға;

4) Гаршино ауылында жаттығу алаңын жайластыруға;

5) Көкалажар ауылында шағын футбол алаңын жайластыруға;

6) Рузаевка ауылында саябақты абаттандыруға;

7) Новоселовка ауылында көше жарықтарын орнатуға;

8) Рузаевка ауылындағы көше жарықтарын ағымдағы жөндеуге;

9) Березовка ауылындағы көше жарықтарын ағымдағы жөндеуге;

10) Чернобаевка ауылындағы көше жарықтарын ағымдағы жөндеуге;

11) Нежинка ауылында көше жарықтарын орнатуға;

12) БудҰнное ауылында көше жарықтарын орнатуға;

13) Ефимовка ауылында көше жарықтарын орнатуға;

14) Пески ауылындағы көше жарықтарын ағымдағы жөндеуге;

- 15) Дружба ауылында көше жарықтарын орнатуға;
- 16) Целинное ауылында көше жарықтарын орнатуға;
- 17) Володарское ауылында көше жарықтарын орнатуға;
- 18) Чистопол ауылында көше жарықтарын орнатуға;
- 19) Ялты ауылында көше жарықтарын орнатуға;
- 20) Гаршино ауылында көше жарықтарын орнатуға;
- 21) Андреевка ауылында көше жарықтарын орнатуға;
- 22) Аудандық маңызы бар жолдарды қысқы күтіп ұстауға;
- 23) Рузаевка ауылының жолдарын қысқы күтіп ұстауға;
- 24) Чистопол ауылының жолдарын қысқы күтіп ұстауға;
- 25) Новоишим ауылының жолдарын қысқы күтіп ұстауға.
- 26) мәдени демалыс орталықтарының жанындағы мәдени-демалыс орталықтарын жабдықтауға;
- 27) Новоишим ауылында орталық қазандық салу;
- 28) Новоселовка ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 29) Бірлік ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 30) Рузаевка ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 31) Чистопол ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 32) Шөптікөл ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 33) Тоқсан би ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 34) Шұқыркөл ауылындағы санация әдісімен су құбыры желілерін ағымдағы жөндеу;
- 35) Нежинка ауылындағы санация әдісімен су құбыры желілерін ағымдағы жөндеу;
- 36) Червонное ауылындағы көше жарығын жайластыру;
- 37) Шұқыркөл ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 38) Тоқсан би ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;
- 39) Новоишим ауылында Тәуелсіздік саябағын салу;
- 40) ауылдық кітапханаларды интернет желісіне қосу, телефондандыруға, интернет үшін компьютерлер сатып алуға;
- 41) Привольное ауылында спорт алаңдарын орнату;
- 42) Рузаевка ауылында жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою;
- 43) Чистопол ауылындағы жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою;
- 44) Червонное ауылында сүт-тауар фермасына инженерлік инфрақұрылым салу (электрмен жабдықтау);
- 45) Привольное ауылындағы Мәдениет үйін қайта жаңарту;
- 46) 9 мамырға бір жолғы төлемдер;
- 47) Новоишим ауылының станция кентінің айналма каналын топырақ үйіп бекіту;

48) Червонное ауылында сүт-тауар фермасына инженерлік инфрақұрылым салу (сумен жабдықтау);

49) Райсовка ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

50) Червонное ауылындағы кентішілік жолдарды ағымдағы жөндеу;

51) Тоқсан би ауылындағы кентішілік жолдарды ағымдағы жөндеу;

52) Рузаев ауылдық округінде сыртқы сумен жабдықтау желілерін салу;

53) Рузаев ауылдық округінде электрмен жабдықтаудың сыртқы желілерін салу;

54) Тахтаброд ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

55) Чистопол ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

56) Сокологоровка ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеу;

57) Новоишим ауылында қазандық жабдығын орнату;

58) Новоишим ауылы Локомотивная көшесіндегі Тәуелсіздік саябағын жайластыру;

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.08.2021 № 7-11 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); ң 05.10.2021 № 9-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8-1. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде ішкі қарыздар қаражатынан облыстық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) Новоишим ауылында жабық хоккей кортын салу;

2) Новоишим ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу;

3) Тоқсан би ауылында сумен жабдықтау жүйесін салу;

4) Новоишим ауылы Локомотивная көшесі бойынша сыртқы инженерлік желілерсіз және аумақты абаттандырусыз елу пәтерлі тұрғын үй салу.

Ескерту. Шешім 8-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.08.2021 № 7-11 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде, 4-қосымшаға сәйкес, аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін субвенция көлемі 183 174 мың теңге сомасында қарастырылғаны ескерілсін.

10. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер ескерілсін.

11. 2021 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 28 847 мың теңге сомасында бекітілсін.

12. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте 7-қосымшаға сәйкес ауылдық округтердің бюджеттерінен 15 000 мың теңге сомасында трансферттер түсімі қарастырылсын.

13. 2021 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде 5-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

14. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына аудан бюджетінің қаражаты есебінен бөлінетін трансферттердің көлемі 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

15. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы
мәслихатының сессиясының төрағасы

И. Шаймерденов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы
мәслихатының хатшысы

Е. Адильбеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихаты
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 71-2 шешіміне
1-қосымша

2021 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 18.06.2021 № 6-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.08.2021 № 7-11 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2021 № 9-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 12-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1. Кірістер	11 200 469,2
1			Салықтық түсімдер	1 397 631,7
	03		Әлеуметтік салық	692 566
		1	Әлеуметтік салық	692 566
	04		Меншікке салынатын салықтар	274 000
		1	Мүлікке салынатын салықтар	274 000
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	259 192
		2	Акциздер	6 150
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	235 900

		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 142
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	171 873,7
		1	Мемлекеттік баж	171 873,7
2			Салықтық емес түсімдер	45 197,2
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	28 036,2
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	16 002
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	6 906,8
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	5 127,4
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 622

		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 622
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	14 539
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	14 539
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	34 754,6
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 894,6
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 894,6
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	27 860
		1	Жерді сату	27 860
4			Трансферттердің түсімдері	9 722 885,7
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	16 311,2
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің	16 311,2

			бюджеттерінен трансферттер	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	9 706 574,5
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	9 706 574,5
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2. Шығындар	12 210 533,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 200 874,6
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	36 702,2
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28 726
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 976,2
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	386 782,2
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	194 396,4
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	62 576,6
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	129 994,9

459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	74 736,9
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 223
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	310
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66 313,9
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 890
495			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 702 653,3
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы	55 980,2

			мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 384
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 630 289,1
02			Қорғаныс	23 994,1
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	13 134,1
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	13 134,1
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10 860
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	8 060
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	2 800
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 898,9
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет	

	495		, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6 898,9
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6 898,9
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	626 260,8
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	12 689,6
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	12 689,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	613 571,2
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	217 327
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	291,5
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	31 827,9
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 855,2
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	204 708,7
			Оңалтудың жеке бағдарламасына	

		017	сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	48 858,5
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	68 833,3
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 718,1
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 151
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 674 974,6

	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 674 974,6
		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	599 549,4
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	76 900
		033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	128 009
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1 394 063
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	418 700
		013	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	2 000
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	2 846,6
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	52 906,6
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	521 188,1

478			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	174 466,3
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	174 466,3
465			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	41 142,1
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 871,1
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	18 535
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	8 736
495			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	123 529
		021	Спорт объектілерін дамыту	123 529
478			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет	182 050,7

			және тілдерді дамыту бөлімі	
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11 520
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	108 863,1
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 289
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 576,5
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	13 172
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	8 630,1
010			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	92 724,4
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	45 304,9
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік	45 304,9

			саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	19 671,5
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 213,1
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	1 458,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	27 748
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	27 748
012			Көлік және коммуникациялар	818 520,3
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	818 520,3
		022	К ө л і к инфрақұрылымын дамыту	1 393
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	56 200
		034	К ө л і к инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	749 190

		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	7 535,3
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	4 202
013			Басқалар	1 042 631,5
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	18 258,8
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 258,8
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет , құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	338 546,7
		055	"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	338 546,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)	8 847

			экономика және қаржы бөлімі	
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	8 847
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	676 979
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	676 979
014			Борышқа қызмет көрсету	6 906,9
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6 906,9
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	6 906,9
015			Трансферттер	4 195 559,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4 195 559,7
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы	1 385,7

			трансферттерді қайтару	
		038	Субвенциялар	183 174
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	4 011 000
			3. Таза бюджеттік кредиттер	98 562
010			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	152 756
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланын) экономика және қаржы бөлімі	152 756
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	152 756
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	54 193,5
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	54 193,5
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	54 193,5
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-1 108 627,2)

			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 108 627,2
7			Қарыздар түсімдері	889 939,7
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	889 939,7
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	889 939,7
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
016			Қарыздарды өтеу	54 193,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	54 193,5
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	54 193,5
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	272 881
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	272 881
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	272 881

шешіміне 2-қосымша

2022 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сома (мың теңге)
			1. Кірістер	5 694 478
1			Салықтық түсімдер	1 226 469
	03		Әлеуметтік салық	627 251
		1	Әлеуметтік салық	627 251

	04		Меншікке салынатын салықтар	263 015
		1	Мүлікке салынатын салықтар	251 015
		5	Бірыңғай жер салығы	12 000
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	272 553
		2	Акциздер	5 553
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	248 000
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	19 000
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	63 650
		1	Мемлекеттік баж	63 650
2			Салықтық емес түсімдер	34 345
